

Анықтама

«№10 жалпы білім беретін мектеп» КММ 27.09.2022ж күні Ақтау қ. ПБ ЖПҚБ ЮПБ полиция аға лейтенанты Айсултанова Сабина Кайсарқызы «Есірткіге қарсы, және есірткімен заңсыз айналысуға, сатуға заңды жауапкершілігі» тақырыбы бойынша 9-11 сыныптарға түсінік жұмысын жүргізді.

Балалардың есірткіге тәуелділігі мәселесі біздің қоғамда өте өзекті тақырып. Ата-аналарға баласының есірткіге тәуелді болып қалғанын қабылдаудан көрі, әдетте оның оқығысы келмейтін, тәртіпке көнбейтін «қиын» бала екенін мойындаған жеңіл. Бірақ жасөспірімдердің психобелсенді заттарды тұтыну проблемасын айтпау жағдайды ұшықтырады, себебі заманауи есірткіге тәуелділік аз уақыт ішінде қалыптасады.

Ата-аналар осы проблемаларды талқылаудан үзілді-кесілді жалтарғандықтан, мектептерде де есірткіні қолдану фактілерін жасырып, айтпауға тырысады.

Заманауи нашақордың бет-бейнесі де ата-аналар мен мұғалімдер тарапынан нашақорлық проблемасын қабылдамауға ықпал етеді. Қазір нашақор - күре тамыры таза жас адам. Ол инъекциялық есірткіні пайдаланбайды.

Заманауи есірткілерді әдетте шекпейді. Бірақ бұл олардың қауіпсіз екендігін білдірмейді. Керісінше ағзаға әсер ету күшіне қарай синтетикалық каннабиоидтар өсімдік тектестерден (кара сора (марихуана) гашиш) әсері 5 есе артық, себебі олар ағзада жиналып, ұзақ уақытқа дейін шықпайды.

100% жағдайда ол уытты энцефалопатияға (*бас миының шашыраңқы органикалық зақымдануы*), яғни ерте кезден психикалық және мінез-құлық ауытқуларына әкеп соғады. Сондықтан да заманауи нашақорлық шұғыл психикалық ауытқулар түрінде жиі алдамшы сипатқа ие болады.

Есірткілер барлығы дерлік жүйке жүйесінің зақымдануына және ми жасушаларының өлуіне әкеп соғады. Есірткілер зат алмасу процесіне араласып, бірінші кезекте мида көңіл-күйдің өзгеруін бақылауда ұстайтын зат-сератиннің бөлінуін (түзілуін) бұзғаттайды, ал ол адамды салбыр және немқұрайдылық күйге түсіреді.

Иммундық жүйе әлсірейді. Оның салдарынан адам инфекциялық ауруларға тез шалдыққыш болады. Адамда тек психика ғана емес, бүйрек, бауыр зақымданады, тістері бұзылады, зияткерлік деңгейі күрт төмендейді. Оны шамадан тыс қолдану қаупі өте жоғары, оның ауыр салдары өлімге әкеп соғады. Кей жағдайда ақыл кемдігі, денсаулығының әлсіреуіне, ағзаның азуына әкеледі.

Оларды қолданғаннан кейінгі негізгі белгілер:

– зейіннің жинақтылығының төмендеуі, ойлау қабілетінің бұзылуы, мағынасыз сөз сөйлеу;

- салақтық, өз-өзіне сынмен қарамау;
- жиі көтеріңкі көңіл-күйде болу, ерекше күш қуатының болуы;
- ұйқысыздық, мінез-құлқының бұзылуы;
- тым эмоцияға беріліп сөйлеу;
- ерекше батылдық, мақтаншақтық, менмендік
- эйфориядан агрессияға дейін мінез-құлқының тез өзгеруі.

Сынып ауру (абстинентті синдром) белгілері

- ұстама, қыңырлық, өзіне-өзі қол жұмсауға дейін баратын депрессия;
- салмақтың жоғалуы;
- тесіле қарау, сөз кемістігі;
- сезімнің өткірлігі, алаңдаушылық;
- ұдайы шөлдеу, сусап тұру, ұйқысыздық, тәбетінің қашуы анық байқалады;

- психиканың бұзылуы, шизофрения.

Мінез-құлықтың тұйықтық және өз бетінше окшаулану сияқты кейбір белгілеріне назар аудару қажет. «Спайс» немесе «тұз» қолданған нашакорлар бір нәрсеге ұзақ қарауы, ұзақ ойланып отыруы мүмкін.


Адамның бойындағы басқа мінез-құлық белгісіне «спайс» қолданушы наукастарда аса алаңдаушылық, мазасыздық сезімін жатқызуға болады. Олар терезеден қарап тұрып, жүріп бара жатқан машинаны көріп дүрбелең күйге түсуі мүмкін.

Кез-келген мардымсыз ескерту, сұрақ немесе ұсыныс негізсіз үрей, қорқыныш сезімін тудырады. Уақытылы ем болмаған жағдайда, осындай өзгерістер кешені көбінесе өз-өзіне қол жұмсауға әкеп соғады.

Синтетикалық есірткілерді қолданудың эмоционалды белгілері олардың әсерінің салдарына негізделген. Әдетте бұл мінез-құлықтың еш себепсіз күрт өзгеруі. Науқас көңілді анекдотқа күліп отырып, бір мезгілде өткенді есіне алып жылай бастауы мүмкін.

Бұдан басқа тез өкпелегіштік. Тәуелді адам кез-келеген қарсы ойды жеке басына айтылған қорлау деп қабылдайды. Оның үстіне, нашакор есірткіні қайта қолдану немесе өзіне бірнәрсе жасау «кек алудың» ең жақсы тәсілі деп ойлайды.

Дегенмен, синтетиканы қолдану білдіретін негізгі белгісі есірткіге қатысты қарапайым сұрақтарды өткір қабылдау болып табылады.



Мектеп директоры :

Нурумбаева А.Т